

Жұмыс күшіне болжамды қажеттіліктерді айқындау әдістемесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 28 маусымдағы № 562 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 18 тамыздағы № 14123 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 13 желтоқсандағы № 461 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 13.12.2024 № 461 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 3) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жұмыс күшіне болжамды қажеттіліктерді айқындау әдістемесі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Халықты жұмыспен қамту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;
 - 3) тіркелген осы бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі көшірмесінің бір данасын баспа және электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;
 - 4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
 - 5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Б.Б. Нұрымбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі

Т. Дүйсенова

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

_____ Е. Сағадиев

2016 жылғы 14 шілде

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитетінің төрағасы

_____ Н. Айдапкелов

2016 жылғы 29 маусым

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және әлеуметтік
даму министрінің
2016 жылғы 28 маусымдағы
№ 562 бұйрығымен
бекітілген

Жұмыс күшіне болжамды қажеттілікті айқындау әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жұмыс күшіне болжамды қажеттілікті айқындау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және жұмыс күшіне болжамды қажеттілікті айқындауға арналған.

2. Кадрларға қажеттілік болжамы қысқа және орта мерзімді кезеңге жасалады және мынадай:

еңбек нарығының қажеттілігін және еңбек ресурстарына әлеуетті сұранысты бағалау;

экономиканың жекелеген сфералар мен салалардың даму динамикасын ескере отырып, еңбек нарығының басым бағыттарын анықтау;

еңбек ресурстарын қалыптастыру және пайдалану процестерін реттеудің тиімділігін арттыру, сондай-ақ басқарушылық шешімдер қабылдау;

мемлекеттік білім беру тапсырысын түзету бойынша ұсынымдар ұсыну мақсаттарында әзірленеді.

3. Болжау:

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы классификаторының (бұдан әрі – ЭҚЖК) 19 секциясы бойынша және жалпы республика бойынша;

кәсіптердің 136 тобы бойынша;

республика бойынша;

бір жылға және жыл сайынғы негізде бес жылға алдын ала жүзеге асырылады

2-тарау. Экономика салаларының, мамандықтар (кәсіптер) және өңірлер бөлінісінде кадрларға қажеттілікті болжау

4. Экономика салаларының, мамандықтар (кәсіптер) және өңірлер бөлінісінде кадрларға қажеттілікті болжауды есептеу алгоритмі негізгі екі кезеңнен тұрады:

1) бірінші кезең: кадрларға қажеттіліктің орта мерзімді болжамы:

бірінші кезең әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарын ескере отырып, республика бойынша кадрларға қажеттіліктің орта мерзімді болжамын айқындауды, сондай-ақ кәсіптер және экономиканың негізгі секторлары бөлінісінде республика бойынша болжамды еңбек ұсыныстарын айқындауды көздейді;

2) екінші кезең: орта мерзімді кезеңге кадрларға болжамды қажеттілікті айқындау мәніне кәсіпорындар мен мекемелерге анкеталар жүргізу:

екінші кезең қысқа мерзімді кезеңге республика кәсіпорындары мен мекемелерінің барлық санына деректерді кейіннен дезагрегациялаумен экономикалық қызмет түрлері (бұдан әрі – ЭҚТ) және мамандықтар бойынша кәсіпорындар мен мекемелердің кадрларға қажеттілігін зерттеу үшін оларда ішінара сауалнама жүргізуді көздейді.

5. Болжау процесінде сондай-ақ алдыңғы кезеңдерден алынған нәтижелерді қосымша тексеру үшін іске асырылып жатқан мемлекеттік, салалық, өңірлік бағдарламалар және жеке бастамалар шеңберінде орта мерзімді кезеңге кадрларға қажеттілік туралы деректер пайдаланылады.

1-параграф. Бірінші кезең: кадрларға қажеттіліктің орта мерзімді болжамы

6. Кадрларға қажеттіліктің орта мерзімді болжамын есептеу үшін:

мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жыл сайын 1 сәуірге қарай экономиканың кадрларға қажеттілігін айқындауға жауапты мемлекеттік органға 1-қосымшаға сәйкес орта мерзімді кезеңге Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамды деректері (өңірлер бөлінісінде экономика салалары бойынша еңбек өнімділігі, жалпы қосылған құн) бойынша мәлімет ұсынады;

білім беру саласындағы уәкілетті орган жыл сайын 1 наурызға қарай экономиканың кадрларға қажеттілігін айқындауға жауапты мемлекеттік органға 2-қосымшаға сәйкес өңірлер және мамандықтар бөлінісінде білім деңгейі бойынша бес жылға түлектердің болжамды санын ұсынады;

мемлекеттік статистика қызметі саласындағы уәкілетті органның ведомствосы жыл сайын 1 наурызға қарай экономиканың кадрларға қажеттілігін айқындауға жауапты мемлекеттік органға 3-қосымшаға сәйкес өңірлер бөлінісінде 3 белгі бойынша Мемлекеттік кәсіптер классификаторына ҚР МКК 01-2005 МКК сәйкес (бұдан әрі – МКК), кәсіптер бөлінісінде 2 белгі бойынша (ЭҚЖК-ға сәйкес) экономиканың салаларында жұмыс істейтіндердің саны бойынша статистикалық деректер ұсынады;

Өңірлерде жұмыспен қамтылғандардың саны мына формула бойынша есептеледі:

$$Z^t(r) = \sum E_{ri}^t,$$

мұндағы

$$Z^t(r)$$

- r өңірде t жылына жұмыспен қамтылғандардың саны;

$$E_{ri}^t$$

- r өңір i саласында t жылына жұмыспен қамтылғандардың саны, трендтерді құру және барынша сай келетінін тандап алу жолымен былайша бағаланады:

$$E_{ir}^t = \begin{cases} a * \ln(s_t) + b_i, \\ a * e^{b_i * s_t}, \\ a * s_t^{b_i}, \\ a * s_t + c_i, \end{cases}$$

, мұндағы

$$a_i$$

,

b_i

,

c_i

– i салада жұмыспен қамтылу трендтері коэффициенттерін бағалау нәтижелері,

s_t

– 6-дан 11-ге дейін реттілік мәндер қабылдайтын t жылына ауыспалы тренд.

7. Жоғарыда көрсетілгеннен лайықты теңдеу тренд құру нәтижелері бойынша бағаланатын

R^2

детерминациясының тиісті коэффициентінің ең жоғары мәніне, сондай-ақ алдыңғы жылдардағы статистикалық көрсеткіштер динамикасының сипаттамасына қарай таңдалады.

логарифмдік тренд кезең басында айтарлықтай өзгерістер және оларды одан әрі тұрақтандыру тән көрсеткіштер кезінде қолданылады;

дәрежелік тренд өсу жылдамдығы үнемі өзгеретін көрсеткіштер кезінде пайдаланылады;

экспоненциалдық сызықтық тренд деректер жылдамдығы үздіксіз өскен кезде пайдаланылады;

сызықтық регрессия негізінен мәні тұрақты жылдамдықпен артатын не кемитін сипаттамаларды модельдеу кезінде қолданылады.

8. Бұл ретте трендтерді бағалау нәтижелері бойынша мынадай факторлар:

трендтерді құру нәтижелері бойынша теріс мәндердің болмау қажеттілігі;

қисындылығы және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының ағымдағы және болжамды нұсқаларына, сондай-ақ аумақтарды дамыту бағдарламаларына сәйкес келуі ескеріледі.

9. Алынған

E_{ir}^t

мәндері одан әрі талдау мақсаттары үшін саладағы, өңірдегі немесе жылдағы болжамды жағдайды бағалауға арналған тиісті индекстер бойынша қосылады.

10. Одан әрі нақтылауды жүзеге асыру экономикалық қызметтің әрбір түрінде жұмыспен қамтылғандардың кәсіби-біліктілік құрамының құрылымдық коэффициенті бойынша жүргізіледі, ол мынадай қатынаспен есептеледі:

$$k_{ij}^b(r) = \frac{z_{ij}(r,t)}{z_j(r,t)}$$

, мұндағы:

$k_{ij}^b(r)$

- r өңірдің b базалық жылында j экономикалық қызмет түрі бойынша i кәсіптер тобының жұмыспен қамтылған кәсіби-біліктілік құрамының құрылымдық коэффициенті;

$$z_{ij}(r, t)$$

- r өңірдің базалық жылына j экономикалық қызмет түрінде жұмыспен қамтылған i санатындағы жұмыскерлердің саны;

$$z_j(r, t)$$

- r өңірдің базалық жылына j экономикалық қызмет түрінде жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны.

11. коэффициентті есептегеннен кейін i санатындағы жұмыскерлерге қажеттілік

$$k_{ij}^b(r) - \text{ні } E_{ri}^t$$

қолдану жолымен былайша есептеледі:

$$D_{jr}^t(r) = k_{ij}^b(r) * E_{ri}^t ,$$

мұндағы:

$$D_{jr}^t(r)$$

– r өңірде t жылына j экономикалық қызмет түрінде j санатындағы жұмыскерлерге болжамды қажеттілік.

Кадрларға қажеттілік әлеуметтік-экономикалық дамуды, демографиялық және миграциялық процестерді ескере отырып, корреляциялық-регрессиялық тәуелділік негізінде модельденеді.

2-параграф. Екінші кезең: орта мерзімді кезеңге кадрларға болжамды қажеттілікті айқындау мәніне кәсіпорындар мен мекемелерге анкета жүргізу

12. Орта мерзімді кезеңге кадрларға болжамды қажеттілікті айқындау мәніне кәсіпорындар мен мекемелерге анкета жүргізу осы Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес арнайы әзірленген анкета бойынша сауалнама жүргізу жолымен жүргізіледі.

Анкета негізгі жиынтықты бағалау үшін жеткілікті іріктеу құрамындағы барлық кәсіпорындар мен мекемелерде қолданылады.

13. Іріктеу экономикалық қызметтің 19 түрінің бөлінісінде (ЭҚЖК-ға сәйкес), ағымдағы жылғы жалдамалы жұмыскерлердің санына қарай жүргізіледі.

14. Іріктелген кәсіпорындар мен мекемелердің саны экономикалық қызмет түрлері бойынша жалдамалы жұмыскерлердің үлестеріне сәйкес бөлінеді.

Экономикалық қызмет түрлері бойынша сауалнама жүргізуге жататын кәсіпорындар мен мекемелер санының алынған ең төменгі мәні соңғы жылдағы жеке экономикалық қызмет түрлерінің жалпы өңірлік өнімде әрбір облыстың үлес салмағына сәйкес Қазақстан Республикасының 16 өңірі бойынша бөлінеді.

Жұмыс күшіне болжамды
қажеттіліктерді айқындау
әдістемесінің 1-қосымшасы
Нысан

*** облысы, Астана, Алматы, Шымкент қалалары бойынша орта мерзімді кезеңге Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамды деректері бойынша мәліметтер (экономика салалары бойынша еңбек өнімділігі, жалпы қосылған құн)**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 11.10.2018 № 433 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Сала	Жалпы қосылған құн, %						
		20_ жыл Нақты	20_ жыл Бағалау	20_ жыл Болжам	20_ жыл Болжам	20_ жыл Болжам	20_ жыл Болжам	20_ жыл Болжам
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Ауыл, орман және балық шаруашыл ығы							
2	Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлер ді казу							
3	Өңдеуші өнеркәсіп							
4	Электрмен жабдықтау , газ, бу беру және ауаны баптау							
5	Сумен жабдықтау , кәріз жүйесі, қалдықтар ды жинау							

	және бөліп таратуды бақылау							
6	Құрылыс							
7	Көтерме және бөлшек сауда, автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу							
8	Тасымалдау және қоймаға жинау							
9	Ақпарат және байланыс							
10	Жылжымалы мүлік операциясы							
11	Өзге де көрсетілетін қызметтер							

кестенің жалғасы

Еңбек өнімділігі, %						
20_ жыл Нақты	20_ жыл Бағалау	20_ жыл Болжам	20_ жыл Болжам	20_ жыл Болжам	20_ жыл Болжам	20_ жыл Болжам
10	11	12	13	14	15	16

* Көрсеткіштерді әрбір облыс, Астана, Алматы, Шымкент қалалары бойынша ұсыну қажет

Жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) көлемі, еңбек өнімділігі, жұмыспен қамтылғандардың саны туралы мәліметтер, миллион теңге

Өңірлер	ЖӨӨ, млн теңге						
	20_ жыл Нақты	20_ жыл Бағалау	20_ жыл Болжам	20_ жыл Болжам	20_ жыл Болжам	20_ жыл Болжам	20_ жыл Болжам
Барлығы, оның ішінде :							

Еңбек өнімділігі	20_ жыл Нақты	20_ жыл Бағалау	20_ жыл Болжам	20_ жыл Болжам	20_ жыл Болжам	20_ жыл Болжам	20_ жыл Болжам
Барлығы, оның ішінде :							
Ақмола облысы							
Ақтөбе облысы							
Алматы облысы							
Атырау облысы							
Батыс Қазақстан облысы							
Жамбыл облысы							
Қарағанды облысы							
Қостанай облысы							
Қызылорда облысы							
Маңғыстау облысы							
Түркістан облысы							
Павлодар облысы							
Солтүстік Қазақстан облысы							
Шығыс Қазақстан облысы							
Астана қаласы							
Алматы қаласы							
Шымкент қаласы							

кестенің жалғасы

өсу қарқыны, %						
20_ жыл Нақты	20_ жыл Бағалау	20_ жыл Болжам	20_ жыл Болжам	20_ жыл Болжам	20_ жыл Болжам	

Шымкент қаласы							
----------------	--	--	--	--	--	--	--

кестенің жалғасы

өсу қарқыны, %

[illegible]

Жұмыс күшіне болжамды
қажеттілікті айқындау
әдістемесіне 2-қосымша
Нысан

Өңірлер бөлінісінде бітірушілердің білім деңгейі бойынша бес жылға түлектердің болжамды саны

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 11.10.2018 № 433 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(адам)

Р/с №	Көрсеткіш/ облыс	20__	20__	20__	20__	20__	20__
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	ЖОО, колледждер ге, мектептерге оқушылар қабылдау саны, барлығы оның ішінде :						
1.1	Ақмола облысы						
1.2	Ақтөбе облысы						
1.3	Алматы облысы						
1.4	Атырау облысы						
1.5	Батыс Қазақстан облысы						
1.6	Жамбыл облысы						

1.7	Қарағанды облысы						
1.8	Қостанай облысы						
1.9	Қызылорда облысы						
1.10	Маңғыстау облысы						
1.11	Түркістан облысы						
1.12	Павлодар облысы						
1.13	Солтүстік Қазақстан облысы						
1.14	Шығыс Қазақстан облысы						
1.15	Астана қаласы						
1.16	Алматы қаласы						
1.17	Шымкент қаласы						
2.	ЖОО-ларды , колледждерді , мектептерді бітірушілердің саны, барлығы оның ішінде :						
2.1	Ақмола облысы						
2.2	Ақтөбе облысы						
2.3	Алматы облысы						
2.4	Атырау облысы						
2.5	Батыс Қазақстан облысы						
2.6	Жамбыл облысы						
2.7	Қарағанды облысы						

2.8	Қостанай облысы						
2.9	Қызылорда облысы						
2.10	Маңғыстау облысы						
2.11	Түркістан облысы						
2.12	Павлодар облысы						
2.13	Солтүстік Қазақстан облысы						
2.14	Шығыс Қазақстан облысы						
2.15	Астана қаласы						
2.16	Алматы қаласы						
2.17	Шымкент қаласы						

Жұмыс күшіне болжамды
қажеттілікті айқындау
әдістемесіне 3-қосымша

Өңірлер бөлінісінде 3 белгі бойынша Мемлекеттік кәсіптер классификаторына ҚР МКК 01-2005 МКК сәйкес (бұдан әрі – МКК), кәсіптер бөлінісінде 2 белгі бойынша (ЭҚЖК-ға сәйкес) экономика салаларында жұмыс істейтіндердің саны бойынша статистикалық деректер

Р/с №	Нысандар
1	1-Е нысан "Еңбек жөніндегі есеп" кезеңділігі жыл сайын
2	001-Е нысан Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктеп зерттеу анкетасы
3	Салалар (89 сала) және өңірлер бойынша кәсіпорындардың саны
4	Негізгі жұмыста істейтін халық және экономикалық қызмет түрлері бойынша (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы классификаторының 19 секциясы бойынша 3 белгі) Қазақстан Республикасының өңірлерінде жұмыспен қамтылғандардың статусы
5	Өңір-Сала бөлінісінде жұмыспен қамтылған халық (Кәсіптер классификаторының 3 белгісінің қызметі)
6	Соңғы жұмыс істеген жері бойынша жұмыссыздар

7	Негізгі жұмыстағы экономикалық қызмет түрлері және білім деңгейі бойынша жұмыспен қамтылған халық
8	Негізгі жұмыстағы экономикалық қызмет түрлері және жасы, жынысы бойынша жұмыспен қамтылған халық
9	Кейінгі 10 жылда өңірлер және экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы өңірлік өнімнің көлемі
10	ЭҚТ/ЭҚТ кіші бөлімі және өңірлер және жынысы бойынша Қазақстан Республикасының ірі және орта кәсіпорындарында жұмыс күшінің болуы және қозғалысы

Жұмыс күшіне болжамды
қажеттілікті айқындау
әдістемесіне
4-қосымша

Орта мерзімді кезеңге кадрларға болжамды қажеттілікті айқындау мәніне кәсіпорындар мен мекемелерге анкета жүргізу

(Кадрларға қысқа мерзімді қажеттілікті бағалау)

Респондент туралы ақпарат

Өтінемін, ақпараттық жолды толтырыңыз

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мырза _____

Ханым _____

Атқаратын лауазымы:

Кәсіпорынның/мекеменің атауы:

Өңір (облыс, қала):

Мекенжайы:

Телефон/Факс/E-mail:

1-БЛОК. КӘСІПОРЫН/МЕКЕМЕ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

(қажеттісінің астын сызыңыз)

СҰРАҚ: Сіздің кәсіпорыныңыздың/мекемеңіздің негізгі экономикалық қызмет түрін көрсетіңіз?

Ауыл, орман және балық шаруашылығы

Өсімдік және мал шаруашылықтары, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну

Орман шаруашылығы және ағаш дайындау

Балық шаруашылығы және акваөсіру

Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу

Көмір және лигнит өндіру

Шикі мұнай және табиғи газ өндіру

Металл кендерін өндіру
Тау-кен өндіру өнеркәсібінің басқа салалары
Тау-кен өндіру өнеркәсібі саласындағы техникалық қызметтер
Өңдеу өнеркәсібі
Тамақ өнімдерін өндіру
Сусындар өндіру
Темекі өнімдерін өндіру
Тоқыма бұйымдарын өндіру
Киім өндіру
Былғары және оған жататын өнімдерді өндіру
Жиһаздан басқа ағаштан және тоздан жасалған бұйымдарды өндіру;
сабаннан және өруге арналған материалдардан жасалған бұйымдар өндіру
Қағаз және қағаз өнімдерін өндіру
Жазылған материалдарды басып шығару және шығару
Кокс және мұнайдың өңделген өнімдерін өндіру
Химиялық өнеркәсіп өнімдерін өндіру
Негізгі фармацевтикалық өнімдер мен препараттар өндіру
Резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру
Өзге де металл емес минералдық өнімдер өндіру
Металлургия өнеркәсібі
Машиналар мен жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарын өндіру
Компьютерлер, электрондық және оптикалық бұйымдар өндіру
Электр жабдықтарын өндіру
Басқа санаттарға енгізілмеген машиналар мен жабдықтарды өндіру
Автокөлік құралдарын, тіркемелер және жартылай тіркемелерді өндіру
Басқа көлік құралдарын өндіру
Жиһаз өндіру
Өзге де дайын бұйымдарды өндіру
Машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау
Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуына және таратылуына
бақылау жасау
Суды жинау, өңдеу және тарату
Кәріз жүйесі
Қалдықтарды жинау, өңдеу және жою; қалдықтарды кәдеге жарату
Рекультивация және қалдықтарды жою саласындағы өзге де қызметтер
Құрылыс
Ғимараттар мен құрылыстарды салу
Азаматтық құрылыс

Мамандандырылған құрылыс жұмыстары
Көтерме және бөлшек сауда, автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу
Автомобильдер мен мотоциклдерді көтерме және бөлшек сату және оларды жөндеу
Автомобильдер мен мотоциклдерден басқа көтерме сауда
Автомобильдер мен мотоциклдерді сатудан басқа, бөлшек сауда
Тасымалдау және қоймаға жинау
Құрлықтағы көлік және құбырлар арқылы тасымалдау
Су көлігі
Әуе көлігі
Қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі
Пошталық және курьерлік қызмет
Тұру және тамақтану жөнінде қызмет көрсету
Тұруды ұйымдастыру жөнінде қызмет көрсету
Тамақ өнімдерін және сусындарды ұсыну жөнінде қызмет көрсету
Ақпарат және байланыс
Баспа қызметі
Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар, фонограмма және музыкалық жазбалар шығару
Бағдарламалар және телерадио хабарлама жасау жөніндегі қызмет
Байланыс
Компьютерлік бағдарламалау, консультациялар және басқа ілеспе көрсетілетін қызметтер
Ақпараттық қызметтердің қызметі
Қаржы және сақтандыру қызметі
Сақтандыру және зейнетақы қорлары қызметтерін қоспағанда қаржы қызметтері
Міндетті әлеуметтік сақтандырудан басқа сақтандыру, қайта сақтандыру және зейнетақы қорларының қызметі
Қаржыландыру және сақтандыру қызметтерін ұсыну жөніндегі қосалқы қызмет
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет
Құқық және бухгалтерлік есеп саласындағы қызмет
Бас компаниялардың қызметі; басқару мәселелері жөнінде консультациялар
Сәулет өнері, инженерлік ізденістер, техникалық сынақтар мен талдау саласындағы қызмет
Ғылыми зерттеулер және әзірлемелер
Жарнама қызметі және нарық конъюнктурасын зерттеу

Өзге де кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет

Ветеринарлық қызмет

Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет

Жалдау, жалға беру және лизинг

Жұмысқа орналастыру

Туристік операторлардың, туристік агенттіктердің және туризм саласында қызметтер көрсететін өзге де ұйымдардың қызметі

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тергеу жүргізу жөніндегі қызмет

Ғимараттарға және аумақтарға қызмет көрсету саласындағы қызмет

Әкімшілік-басқару, шаруашылық және өзге де қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет

Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру

Білім беру

Денсаулық сақтау және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер

Денсаулық сақтау саласындағы қызмет

Тұрғын орынмен қамтамасыз ете отырып күтіп-бағу жөніндегі қызмет

Тұратын жермен қамтамасыз етпей әлеуметтік қызметтер көрсету

Өнер, ойын-сауық және демалыс

Шығармашылық, өнер және ойын-сауық саласындағы қызмет

Кітапханалардың, мұрағаттардың, мұражайлардың және басқа да мәдени қызмет көрсететін мекемелердің қызметі

Құмар ойындар және бәс тігуді ұйымдастыру жөніндегі қызмет

Спорт саласындағы және демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастырудағы қызмет

Өзге де қызметтер түрлерін ұсыну

Мүшелік ұйымдар қызметі

Компьютерлерді, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланатын заттарды жөндеу

Өзге де дербес қызметтер көрсету

Өзге (көрсетіңіз)

2-БЛОК. КАДРЛАРҒА ҚАЖЕТТІЛІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

1-СҰРАҚ. Кейінгі 12 айда Сізде қызметкерлерді ЖАЛДАУДА ҚИЫНДЫҚТАР туындады ма (бір немесе екі жауап таңдаңыз)?

Егер "ИӘ" болса, онда ненің салдарынан:

Егер "ЖОҚ" болса, онда ненің салдарынан:



Үміткерлердің кәсіби дағдысы жетіспеді

☐

Үміткерлердің жеке қасиеттері көңіліңізден шықпады

☐

Жалдау кейінгі кездері жүзеге асырылмайды

☐

Жұмыс жағдайлары үміткерлердің көңілінен шықпады

☐

Үміткерлер бос жұмыс орындарына сай келді

☐

Үміткерлер болмады немесе аз болды

☐

Бос жұмыс орындары толтыруды қажет етпейді

☐

Үміткерлер ұсынылған жалақыдан жоғары жалақыны қалады

2-СҰРАҚ. Кадр іздегенде Сіздің кәсіпорныңыз/мекемеңіз қайда жүгінеді (бір немесе екі жауап таңдаңыз)?

☐

Баспасөз басылымдарында хабарландыру, жарнама беру арқылы өз бетінше іздестіру

☐

Интернет көздері арқылы өз бетінше іздестіру

☐

Таныстардың, әріптестердің, қызметкерлердің және т.б. ұсынымдары бойынша өз бетінше іздестіру

☐

Рекрутингтік (кадр) агенттіктеріне жүгіну

☐

Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметтеріне жүгіну



Оқу орындарына (колледждерге, ЖОО-ларға және т.б.) жүгіну

3-СҰРАҚ. Сіздің пікіріңізше салаңыздағы қызметкердің бірінші кезекте қандай бес кәсіби дағдысы болуға тиіс. Мысалы, егер Сіз "Ақпарат және байланыс" саласында жұмыс істесеңіз, онда "Delphi, Java, C++ бағдарламалау тілдерін білу және қолдану" немесе VLAN, Firewalls, IPS, VPN қауіпсіздік желілерін құру" сияқты дағдылар.

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____
- 5) _____

4-СҰРАҚ. Сіздің кәсіпорныңыз/мекемеңіз "Жұмыспен қамту 2020 жол картасы" бағдарламасы бойынша қоныстандыру есебінен басқа өңірлерден жұмыскерлер тартуға өтінім беруге дайын ба?



ИӘ



ЖОҚ (мүмкіндігінше себебін көрсетіңіз):

5-СҰРАҚ. Сіздің кәсіпорныңыздың/мекемеңіздің жұмыскерлерінің ағымдағы санын, сондай-ақ ағымдағы жылдың соңына дейін жоспарланып отырған өзгерістерді көрсетіңіз.

Мысалы, егер Сіз 5 адамды жалдауды жоспарласаңыз, онда +5, егер қысқарту болса - 5-ті көрсетуіңізді өтінеміз, егер Сіз екеуінде жоспарламасаңыз 0-ді көрсетіңіз.

- 1) Жұмыскерлердің ағымдағы саны, адам.
- 2) Ағымдағы жыл соңына дейін жұмыскерлер санында жоспарланып отырған өзгерістер, адам.

6-СҰРАҚ. Егер Сіз ағымдағы жылдың соңына дейін жұмыскерлердің санына өзгерістер енгізуді жоспарласаңыз, онда нақты қандай кәсіптер бойынша қосымша жалдау (егер"+") немесе қысқарту (онда "-") болатынын көрсетіңіз.

Сұраққа жауап беру үшін Сіз белгілеген салаға сәйкес қосымшаны толтыруды өтінеміз.

Мысалы, "бұл бағдарлама туралы естімеппін", "естідім, бірақ оның шарттарымен таныс емеспін", "менің өңірімде мамандар жеткілікті, сондықтан қоныс аудару қажет емес" және т.с.с.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК